



Әуе кемелерімен тасымалдауға тыйым салынған жүктердің тізімі

Қауіпті жүктер

1. Атыс қаруы, газды, пневматикалық, суық және механикалық қарудың барлық түрлері:

- тапаншалар, револьверлер, винтовкалар, карабиндер және басқа атыс, газды, пневматикалық қарулар, электрлік естен тандыру құрылғылары және олардың олардың имитаторлары;
- арбалеттер, суасты аңшылығына арналған қарулар, шашка, қылыштар, тесак, наркескен, алдаспан, семсерлер, найзалар, қанжарлар, кездіктер, стилеттер, пышақтар: аңшылық, десант, финдік, сүңгі-пышақ, лақтырылатын жүздері бар, жапқыш құлыптары бар пышақтар, сонымен қатар жүзінің ұзындығы 110 мм асатын шаруашылық-тұрмыстық пышақтар.

2. Жарылғыш заттар, жару құралдары және төмендегілермен толтырылған заттар:

- кез келген қаптамада және кез-келген мөлшердегі дәрі;
- атыс патрондары (соның ішінде шағын калиберлі);
- газды қаруға арналған патрондар;
- аңшылық капсюлдер (пистондар);
- пиротехникалық құралдар: сигнал және жарық ракеталар, сигнал патрондары, отырғызылатын шашкалар, түтін патрондары (шашкалар), копарғыш оттықтары, бенгал оттары, теміржол петардалары;
- тротил, динамит, тол, аммонал және басқа жарылғыш заттар;
- капсюлдер, детонаторлар, электр детонаторлар, электртұтандырғыштар, оталдырғы және от жүргізілген білте және т.б.

3. Сығымдалған және сұйылтылған газдар:

- тұрмыстық пайдалануға арналған газдар (бутан-пропан) және басқа газдар;
- жүйкелік-салдандырушы және жас ағызатын әсерлерімен толтырылған газ баллондар.

4. Тез тұтанғыш сұйықтықтар:

- ацетон;
- жанармай;
- тез тұтанғыш мұнай өнімдерінің сынамаалары;
- метанол;
- метилацетат (метилді эфир);
- күкіртті көміртек;
- эфирлер;



- этилцеллюлоза;
- басқа барлық тез тұтанғыш сұйықтықтар.

5. Тұтанғыш қатты заттар:

- судың әсерімен жылу және жанғыш газдарды бөлетін заттар, бұл өздігінен тұтануды және өрт тудыруы мүмкін: калий, натрий, металл кальций және олардың қорытпалары, фосфорлы кальций және басқалары;
- ақ, сары және қызыл түсті фосфор және тұтанғыш қатты заттар санатына жататын басқа барлық заттар;
- органикалық асқын тотықтар;
- коллоидті нитроцеллюлоза, түйіршікті немесе үлпекті, құрғақ немесе дымқыл, құрамында кемінде 25% су немесе еріткіштер бар. Коллоидті нитроцеллюлоза, бөліктерде, дымқыл, құрамында кемінде 25% спирт бар. Құрғақ немесе дымқыл нитроцеллюлоза, құрамында кемінде 30% еріткіш немесе 20% су бар.

6. Улы және уландырғыш заттар:

- сұйық немесе қатты күйіндегі кез келген улы, күшті әсері бар және уландырғыш заттар, кез келген ыдысқа оралған;
- бруцин;
- никотин;
- стрихнин;
- тетрагидрофурфурилді спирт;
- антифриз;
- тежеуіш сұйықтығы;
- этиленгликоль;
- сынап;
- көгертікш қышқылының барлық тұздары және цианды препараттар;
- циклон, цианқорытпа, күшән ангидридi және басқа барлық күшті әсер ететін улы және уландырғыш заттар.

7. Күйдіргіш және коррозиялық заттар:

- күшті органикалық емес қышқылдар: тұзды, күкірт, азот және басқалары;
- фтор-сутекті (балқытқыш) қышқыл және басқа күшті қышқылдар және коррозия заттары.

8. Қымбат бағалы және сирек жер металдар және олардан жасалған бұйымдар;

9. Қымбат бағалы тастар және олардан жасалған бұйымдар;

10. Ақша белгілері және ақша белгілерінің баламалары;

11. Стратегиялық материалдар;



12. Зымырандық-ғарыштық кешендер, әскери басқарудың байланыс жүйелері және оларды өндіру және пайдалану үшін нормативтік-техникалық құжаттама;
13. Уран, басқа да бөлінетін материалдар мен олардан дайындалған бұйымдар;
14. Рентген жабдығы, радиоактивті заттар мен изотоптарды пайдаланатын аспаптар мен жабдықтар;
15. Ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарының, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканы құру бойынша іргелі барлау зерттеулерінің нәтижелері;
16. Шифрлау техникасы және оны өндіру және пайдалану үшін нормативтік-техникалық құжаттама;
17. Есірткі құралдары мен психотроптық заттар;
18. Этил спирті;
19. Құрамында қымбат бағалы және сирек жер металдары және қымбат бағалы тастар бар радиоактивті материалдардың, жарылғыш заттардың қалдықтары;
20. Ақпаратты астыртын алуға арналған (әзірленген, бейімделген, бағдарламаланған) арнайы және өзге техникалық құралдар, оларды өндіру және пайдалану үшін нормативтік-техникалық құжаттама.
21. Тірі жануарлар;
22. Адам ағзалары.

Сондай-ақ тез бұзылатын заттарды және арнайы сақтауды және / немесе тасымалдау шарттарын талап ететін заттарды қамтитын жүктер, соның ішінде ветеринариялық және фитосанитарлық жүктер.

Әуе көлігінде жүктерді орау ережелеріне сәйкес келмейтін жүктер, орауыш және ыдыс:

Жүк материалдарға оралуы тиіс, ол: жүкті зақымданудан, бүлінуден және жоғалудан қорғауды, жүктің бүтіндігін қамтамасыз етеді; орауыш тасымал, ауыстырып тиеу, шамадан артық тиеу, тасымалдау және сақтау кезінде жүктің сақталуын қамтамасыз етіп, сонымен қатар ішіндегісіне қолжетімділік болмауы тиіс.